

4. CORONA VIRUS - The situation in Kazakhstan // [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.flandersinvestmentandtrade.com/export/nieuws/corona-virus-situation-kazakhstan>

УДК 338.2

## ҰЛЫТАУ ӨңІРІН РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ БИЗНЕС АЙМАҚҚА АЙНАЛДЫРУ

**Кусаинова Айна Куандыковна**

[Kussainovaaina@mail.ru](mailto:Kussainovaaina@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті,  
туризм кафедрасының студенттері Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Е. Галиакбаров

Ұлытау-қазақ хандарының ұлықталып, ордасын тіккен, ұлысы болып, туын тіккен, үш жүздің басын қосып, халқымыздың ел болып қалыптасуының, береке-бірлігінің алтын діңгегі. Өз Тәукеден бастап хандыққа ақ киізге отырғызып ұлықтаған ордамыз осы жер. Дәл осының бір дәлелі, қазергі таңда Ұлытаудың қақ ортасында орналасқан “Хан Ордасы” ескерткіші. Біз кеше ғана құрылған мемлекет емеспіз, тарихымыз өте тереңде жатыр. Ал Ұлытау болса сол тарихтың бір бөлшегі екені мәлім.

Қазіргі таңда Ұлытау ауданы — Қарағанды облысы құрамындағы аудан. Аудан 1972 жылы құрылған. Аудан аумағы 122,9 мың шаршы километрге тең. Аудан орталығы Ұлытау ауылында орналасқан. Аудан халқының саны 2007 жылғы 1 қаңтарда 14,3 мың адамды құрады. Ауданда 13 ауылдық әкімшілік, 41 ауылдық елді мекен, 3 кент бар.

### **1. Қазіргі таңдағы рекреациялық объектілермен қамту.**

Ұлытау аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі 1938 жылдан бастап ірге тасы қаланған. Аудан бойынша 17 кітапханада 25 кітапхана қызметкерлері оқырмандарға қызмет көрсетеді. 9 кітапханада интернет желісі қосылып оқырмандарға ақпараттық қызмет көрсетіп келеді [1].

“Ұлытау” ұлттық тарихи-мәдени және табиғат қорық-мұражайы Республикалық маңызы бар мұражайлардың бірі. Осы ашық аспан астындағы мұражайдың алып жатқан жер көлемі 1883 шаршы км.

Ұлытау ауданы бойынша 700-ден тарихи-археологиялық және архитектуралық ескерткіштер орналасқан. Тарихи орындар мен ескерткіштерге жеке тоқталып, таныстыратын болсақ:

1. Жошы хан кесенесі-Шаршы үлгісіндегі көкшіл күмбезі бар, 17 қырлы тармақты барабанға отырғызылған және шошақ арқалы етіп, қызыл кірпіштен салынған. Кесененің алдында орнатылған тақтайшада XIII ғасыр (хан 1227 жылы қайтыс болған) туралы айтылады.

2. Домбауыл кесенесі биіктігі шамамен алты метрлік, квадрат түріндегі тас тақта мен балшық ерітіндісінен салынған конус тәріздес құрылыс. Кейде Домбауыл ғұндардың үстемдік етіп тұрған кездерінде салынған деп те айтылады, ал бұл мемориалдық тақтада жазылған жазудан құрылыстың бірнеше ғасырлар үлкен екендігін білдіреді.

3. Алаша-хан кесенесі- күйдірілген қызыл кірпіштен салынған, 16 қырлы барабандық күмбезі бар, биіктігі 10 метр кесене Ұлытаудағы ең монументалдық құрылыс болып табылады. Оның айтарлықтай ерекшелігі – ол аймақтағы басқа кесенелер сияқты жай ғана бір қалашықпен қатар салынбай, дөң жерде салынған. Кесененің тағы бір ерекшелігі – онда айналма галереяның болуы.

4. Дүзен кесенесі-жоғарыда аталған кесенелерден Дүзен кесенесі айтарлықтай ежелгі болып ерекшеленбейді. Кесенені 1860- 1861 жылдары Дүзеннің ағасы Атбасар округінің аға сұлтаны, бағаналы руынан шыққан Ерден Сандыбайұлының зиратының үстінен Серәлі Еламанұлы деген шебер салған. Бір қызығы, архитектор Алаша хан кесенесін үлгі етіп алған және онысы жақсы шыққан.

5. Хан-Ордасы қалашығы- қалашық Қаракеңгір өзенінің сол жағалауында (өзеннің солтүстік-шығысында 300 метр) орналасқан. [7].

#### **1.4 Ұлытау өңіріндегі РБА-ты дамытудағы ықтимал мәселелер**

RBD (Recreational Business District) қысқартылған атауы, ағылшын тілінен аударғанда РБА (рекреациялық бизнес аудан). Рекреациялық бизнес ауданы (РБА) С.А.Стенсфилд пен Дж.Е. Риккерт ұсынған концепцияға (1970, 2186) негізделген, олардың ойынша РБА қаладағы мейрамханалар, тың сауық-сайран ғимараттары мен кәдесый дүкендері орналасқан аймаққа көңіл бөлетін қала қонақтарының маусымдық қажеттілігі ғана болып табылады. Келесі маңызды анықтаманы С. Смит береді (1990), ол қалалық РБА қалалар мен қалашықтарда туристердің басым көпшілігінің назарын көтерме сауда аймақтарына аударта отырып, мейрамханалар, дәмханалар, кәдесый дүкендері сияқты туристерге арналған көрнекті жерлерді көбейтуді көздейді деп сенеді [2].

"Туристік іскерлік аудан" (ТБД) термині сипаттау үшін пайдаланылуы мүмкін келушілерге бағдарланған көрнекті орындар мен көрсетілетін қызметтерді шоғырландыру қалалық орталық іскерлік ауданның (КБР) функцияларымен байланыс [3].

Қазіргі таңда Ұлытау өңірі РБА-ның барлық қызмет түрлерін жетілдіру қажет. Соның ішінде сауда қызметін, рекреациялық және т.б. Саудамен қоса, туризм, демалу, ойын-сауық, кәдесый дүкендері және тағы да басқа қажеттіліктерге деген сұранысты толықтай қамтамасыз ету мүмкін болмай отыр.

Ұлытау РБА-да тарихи, мәдени туристік өнімдерінің және туристерге арналған көрікті жерлерінің саны жетерлік. Алайда барлық объектілерге баратын инфрақұрылымның дамымағандығы келушілер үшін өте қолайсыз. Бар объектілер мыңдаған жылдар бойы дұрыс игерілмей келеді. Дұрыс дәріптей алмаудың себебінен бұл жерді көп халық біле бермейді.

Ұлытау өңіріндегі РБА-ны дамытудағы мәселелердің ең бірінші-инфрақұрылым. Бұл аймақта тарихи ескерткіштерге баратын жолдардың жағдайы көңіл көншітпейді. Тас жолдардың төселмеу себебінен, кейбір ескерткіштерге аяқ басу мүлдем мүмкін болмай отыр. Екінші мәселе, тұрғылықты халықтың айналысатын кәсібі мемлекет тарапынан қолдау таппай отыр. Яғни, жергілікті кәсіпкерлер қазақ халқының ұлттық тағамдарын, соның ішінде шұбат, қымыз, құрт, айран сияқты сүт тағамдарын өндіреді. Бұл келушілер үшін қазақ халқының ұлттық тағамдарынан дәм татуға мүмкіндік береді. Келесі мәселе, туристік қызметкерлердің жетіспеушілігі. Соның ішінде, гид, гид-экскурсовод, аудармашылар. Соның салдарынан туристік тартымдылықтар дұрыс дәріптелмейді. Төртіншіден, туристерге арналған кәдесый дүкендерін, сауда орталықтарының жоқтығы және Хан Ордасы сияқты киелі мекендерде жарнаманың жетіспеушілігі сияқты мәселелер. Бұл жерге кәсібім өрге жүзсе екен деген тілекпен келушілерді топыраққа аунатып жібереді екен. Ұзақ уақыт өтпей ол келушілердің тілектері орындалып, кәсіптері өрге жүзеді екен, оның бірнеше дәлелі де бар. Сол үшін Хан Ордасын туристерге жарнамалап ұсынатын болсақ, тек қана осы жер қомақты қаражат түсіретіні мәлім. Содан-соң, тұрақтайтын орындар санының жоқтығы айтарлықтай күрделі мәселе. Ұлытау Қарағанды мен Жезқазғанның ортасында орналасқындықтан жол бойына мотельдер салуға болады немесе бұл аймақ экстрималды туризмге қолайлы болғандықтан кемпингты дамытуға болады. Атап өтілгендердің барлығы РБА-ның мәселелері. Енді ТБА-ның мәселелерін атасақ, біріншіден Ұлытаудың орталығына тамақтандыру, орналастыру орындары, мұражайлар санының арттыру қажет. Екіншіден, өтпелі зонада демалыс орталықтарын ашу қажет, Таңбалы Тас саябағынан бөлек тематикадағы саябақ ашу керек. Содан соң, қонақтарға арналған үйлер немесе хостелдердің жетіспеушілігі айтарлықтай мәселе. Үшінші мәселе, қаланың шеткі аймағында дүкендердің бірнеше түрлерін ашу қажет. Соның ішінде кәдесый дүкені, ұлттық сусындар мен тағамдарды ұсынатын орын және т.б. Төртіншіден, қала-ауыл аймағы бойынша, шағын кәсіппен айналысатын кәсіпкерлер үшін мамандандырылған орындар ашу. Бұл жақта салд-дәстүр мен әдет-ғұрыпты ұстанып, дәріптейтіндіктен әшекей-бұйымдар, киім-кешек дүкендерін ашуға болады. Сонымен қатар Ұлытауда ипподром ашып қосымша табыс көзін ұлғайтуға болады.


Ұлытау өңіріне келушілер саны барлық мәселеге қарамастан көп болып отыр. Жылына 10 мыңдай турист қабылдайтын бұл өлке туристердің қызығушылығында деген сөз.

## 2. Ұлытауда РБА-ты дамыту

Ұлытау өңірінде РБА-ның тұжырымдамасына сүйене отырып дамытуға әбден қолайлы жер. Ол үшін ең алдымен инфрақұрылымды дамытудан бастау қажет. Себебі қазіргі таңда бұл жерге жету жолдары айтарлықтай күрделі мәселе. Содан соң, тарихи және мәдени мұраларды реставрациялау жұмыстарын жүргізіп, ескеркіштер мен тарихи-мәдени объектілердің айналасын көгалдандыру қажет. Кейін, ұлттық тағамдар өндіретін кәсіпкерлерге арнап арнайы дүкендер немесе ұлттық-тағамдар мен кәде-сыйлар сататын орталық ашу керек. Инфрақұрылымның 1-2 жылда толықтай дамуы мүмкін емес, сол себепті, жол талғамайтын көліктерден құралған автотұрақ ашу керек. Себебі келушілердің барлығында бірдей жол талғамайтын көліктер бола бермейді. Ал біз оларға жағдай жасау арқылы өзімізде кіріс көзіне жол аша аламыз. Қазір бұл аймақта туристерді тарту мақсатында, сонымен қатар сан ғасырлық тарихымызды дәріптеу мақсатында визит-орталық жобасын іске асыру жұмыстары қолға алынып отыр. Тек қана визит-орталықпен тоқтап қалмай, бұл жобаға РБА-ға сай келетін талаптарды орындау қажет. Содан-соң туристерге арналған тұрақтардың, мотель, хостел сияқты орындардың санын көбейту қажет. Санитарлық-гигиеналық орындарды орналастыру керек. Туристік объектілердің арасы алшақ болғандықтан бұларды орналастыруымыз қажет.

РБА-ны дамыту үшін 4 бөлімге бөліп қарастырып өттік. Олар, Ұлытаудың орталығына тамақтандыру, орналастыру орындары, мұражайлар салу. Өтпелі зонада демалыс орталықтарын ашу, Таңбалы Тас саябағынан бөлек тематикадағы саябақ ашу. Содан соң, қонақтарға арналған үйлер немесе хостелдердің санын арттыру. Қаланың шеткі аймағында дүкендердің бірнеше түрлерін ашу. Соның ішінде кәде-сый дүкені, ұлттық сусындар мен тағамдарды ұсынатын орын және т.б. Қала-ауыл аймағы бойынша, шағын кәсіппен айналысатын кәсіпкерлер үшін мамандандырылған орындар ашу. Бұл жақта салд-дәстүр мен әдет-ғұрыпты ұстанып, дәріптейтіндіктен әшекей-бұйымдар, киім-кешек дүкендерін ашу.

Жыл сайын мамыр айында көпке танымал “Көкмайса” этнофестивалы Ұлытаудың маңындағы Кененбай өзенінің жағалауында болады. Сонымен қатар «Терісаққан көктемі» этнофестивалы, «Ұлытау қымызы», «Терісаққанская весна» этнофестивальдері өтеді, оның негізінде «бие байлау», «айғыр қосу» и «қымыз мұрындық» сияқты салт-дәстүрлер дәріптеледі. Осындай фестивальдерге арнап жарнама жұмыстарының сапасын көбейту керек, видеороликтер түсіріп, сайттар мен теледидарлардан жарнама жасалу керек.



Сурет-1 Ұлытау аймағы бойынша жалпы РБА-ның суреті.

## 3. Қорытында

РБА қалалық рекреациялық жүйенің маңызды бөлігі, сонымен қатар қаладағы демалыс кешенінің негізгі тасымалдаушысы. РБА теориясын дамыту Ұлытау өңірінің тарихи және

мәдени блоктарды дамытудың жаңа бағыттары мен үлгісін ұсынады. Бұл өңірдегі РБА-ны дамыту үшін біз ескі ғимараттар мен кесенелер және осындай тарихи сипатқа ие объектілерді пайдалана аламыз, сонымен қатар оларға жаңа сипаттағы рекреациялық элементтерді енгізе отырып дамытуға болады. РБА-ны дамыту үшін тарихи орындар ерекше бағаланады.

Бұл өңір тек рекреациялық тұрғыда дамытуға қолайлы екені мәлім, рекреациямен қатар, коммерциялық мәселелерге де көп назар аударылуы тиіс.

Берілген жұмыс Рекреациялық Бизнес Ауданның қызмет көрсетуін дамыту мәселесін зерттеуге бағытталған. Біз эмпирикалық зерттеу жүргізу үшін Жезқазғанға қарасты Ұлытау аймағы РБА-ны қарастырдық. Ең алдымен бұл өңірдің мәдени-тарихи объектілеріне тоқталып, оны дамыту жолдарын ұсындық. Содан соң, бұл жердегі РБА-ны дамытудың артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастырдық. Кейін тиімді және тиімсіз жақтарына тоқтала келе, туристерге арнайы РБА-ның сызба нұсқасын дайындадық.

РБА-ны дамыту өзіндік болмысын сақтай отырып, тарихи-мәдени мұраны келер ұрпаққа жеткізіп отыруы керек. Ол үшін кемшіліктерді жойып, қуатын арттырып, ежелгі өңірі РБА-ның тұрақты дамуын қамтамасыз етуіміз керек.

Бұл зерттеу жұмысында бірқатар кемшіліктер кездеседі және оларды әрі қарай зерттеуді қажет етеді. РБА-ның модельін пайдалана отырып, Ұлытау өңірінің туристік тартымдылығын арттыруға жол ашуға болады.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Электронды мәтіндік ақпарат <http://ulytaulib.kz/ru/about/kitaphana-tarihy.html>
2. Бейжің жолы мақаласынан
3. ТБА Мехико мақаласынан
4. Байғалиева.А.О. Аймақтың туристік-ресурстық даму әлеуеті басымдықтары (Электронды ресурс)/А.О. Байғалиева. - Электрон.мәтіндік ақпарат.// Саясат. - 2010. - №5.
5. “Ұлт мұрасы”, Д.Мыңбай, Ж.Бейсенбайұлы.
6. Электронды мәтіндік ақпарат [http://www.exclusive.kz/expertiza/kulturnaya\\_sreda/113702/](http://www.exclusive.kz/expertiza/kulturnaya_sreda/113702/)
7. Ұлытау туристік жол көрсеткіші-Виталий Шуптар

УДК 338.242.2

## **СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ФРАНЧАЙЗИНГА И АНАЛИЗ ЕГО РАЗВИТИЯ В КАЗАХСТАНЕ**

**Нукешева Балнура Усенбекқызы**

[Balnura\\_9716@mail.ru](mailto:Balnura_9716@mail.ru)

Магистрант экономического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,

Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель – К.К.Хасенова

Мировая практика показывает, что в современных условиях развития экономики франчайзинг считается взаимовыгодным инструментом как для владельцев налаженных бизнес-проектов и уже популярных на рынке торговых марок, так и для инвесторов, готовых вложить капитал в предпринимательство с минимальными рисками. Франшиза – это своеобразная лицензия на использование готовых наработок, позволяющая упрочить финансовое положение обеим сторонам [1].

В Казахстане институт франчайзинга находится на начальном этапе своего развития. Но, тем не менее, в стране уже были сделаны первые шаги и результаты мониторинга рынков соседних стран показывают, что Казахстан сегодня лидирует в секторе франчайзинга Центральной Азии.

Развитию франчайзинга в Казахстане способствуют несколько специализированных и неспециализированных институтов: